

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 20 наурыздағы № 376 қаулысына толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2277 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 9 сәуірдегі № 177 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 09.04.2018 № 177 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің (Салық кодексі) 12-бабы 1-тармағының 11) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Гранттар беретін халықаралық және мемлекеттік ұйымдардың, шетелдік үкіметтік емес қоғамдық ұйымдардың және қорлардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 20 наурыздағы № 376 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2009 ж., № 17, 139-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

тақырыптағы және 1-тармақтағы "шетелдік" деген сөзден кейін "және қазақстандық" деген сөздермен толықтырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген гранттар беретін халықаралық және мемлекеттік ұйымдардың, шетелдік үкіметтік емес қоғамдық ұйымдардың және қорлардың тізбесінде:

тақырыптағы "шетелдік" деген сөзден кейін "және қазақстандық" деген сөздермен толықтырылсын;

"Шетелдік үкіметтік емес қоғамдық ұйымдар және қорлар" деген бөлімде:

тақырыптағы "Шетелдік" деген сөзден кейін "және қазақстандық" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 163-жолмен толықтырылсын:

"163. "Бота" қоғамдық қоры".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және жариялануға тиіс.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК